



ХФТАР 14.25.07

Г.Т. Абдуллина  
А.А. Куралбаева  
У.Т. Жумабаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: abdullina.gulzhan@ayu.edu.kz, umida.zhumabayeva@ayu.edu.kz)

## Екінші сынып оқушыларының ағылшын тілі сабағында диалогтік оқыту әдісі арқылы түсіну дағдыларын қалыптастыру

**Аңдатпа.** Бұл мақалада 2-сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытудың әдістемелік негіздері, сондай-ақ ағылшын тілін диалогтық оқытудың мәні мен функциялары қарастырылады. Диалогтік оқытудың маңыздылығы мен күрделілігіне, оқушының тілді қаншалықты тез меңгере алатынына жан-жақты талдау жүргізілді. Диалог дегеніміз-екі немесе одан да көп адамдар арасындағы пікір алмасу. Мұғалім мен оқушының бір-бірімен қарым-қатынасы және пікір алмасу балаға өз ойларын еркін білдіруге, тілді тез және жүйелі түрде үйренуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жұмыста тілді үйрену үшін оны түсіну функциясы маңызды екендігі дәлелденді. Диалогтық оқыту арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, түсіну дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың білім сапасын және олардың білімге қызығушылығын арттыру маңызды мақсаттардың бірі болып табылады. Диалогтық оқыту арқылы түсіну дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім сабақтарды қызықты өткізуі керек. Оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыру үшін қарапайым оқыту формаларын, атап айтқанда «сұрақ-жауап» диалогтарын қолданған жөн. Әр түрлі ойындар арқылы сабақтарды тиімді өткізу. Ойын түрлері және диалогтық оқытудың нәзіктіктері сипатталған. Сабақтарды ойын түрінде өткізген кезде бала қызығушылық танытады және жаңа сөздерді оңай есте сақтайды. Қысқа рөлдік ойындар ұсынылған.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып, түсіну дағдысы, диалогтік оқыту, ағылшын тілі, рөлдік ойындар, әдіс, оқу бағдарламасы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-139-2-15-25>

### Кіріспе

Баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі кезеңде мұғалім көп ізденіп, сабақтың балалар үшін тиімді өтуі үшін біраз жұмыстар жасауы керек. Білім сапасы

баланың білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты болып табылады. Қазіргі заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» итермелеуші, яғни білім алу жетекшісі болуы қажет. Сабақ беруге және оны оқытуға барынша

мақсатқа сай және креативті амалдарды дамытуда орталық аспект мұғалім мен оқушы арасындағы қарым - қатынастардың түсінікті болуы қажет. Егер оқытуға белсенділік пен өзара әрекет кіретін болса, ол тиімдірек болады.

Ғалымдардың пікірінше, адамның шет тілдерді үйрену қабілеті бастауыш сыныптарда қалыптасады. Балаға өзге тілдерді ерте жастан бастап үйрету арқылы тіл үйренудің сапалы іргетасын қалыптастыра аламыз. Бастауыш сыныптың оқушылары, әсіресе 1-2-сыныпта оқитын балалар тіл үйренуге бейім келеді және үйреткен нәрсені тез ұғып алады. Оларға тіл үйретуде ережелерді жаттатудан гөрі, сөйлеу дағдысы өнімді нәтиже береді. Ораним және Хайф университеттерінің профессоры Пенни Ур өзінің «Тілдерді оқыту курсы» деп аталатын еңбегінде [1]. «Тіл үйретудегі төрт дағдының ішінде сөйлеу арқылы үйрену маңызды рөл атқарады. Себебі тілді білетін адамды сол тілде сөйлейтіндер деп атаймыз. Сөйлеу – тіл білудің барлық түрін қамтиды және үйренуге жеңіл» деп жазған.

Ағылшын тілінің бастапқы деңгейі оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Ерте жастан шет тілін оқу оқушылар үшін қиын әрі қызықсыз болғандықтан, оқыту процесінде көптеген қиындықтар туады. Осы келеңсіздіктерді болдырмау мақсатында бастауыш сынып оқушыларын, оның ішінде 2-сынып оқушылары үшін ағылшын тілін үйренудің тиімді жолдары қарастырылып, зерттеу жүргізілді.

Білім ордадағы сабақ беру әдістемесіндегі диалогтік оқытудың маңызы өте үлкен. Сабақты ұйымдастыру, жаңа материалды түсіндіру, сабақты бекіту, бағалау, қорытынды рефлексия диалог арқылы жүзеге асып отырады. Сонымен бірге диалогтік оқыту оқушылардың қызығушылығын арттырады, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады, сабақтың белсенді өтуіне әсер етеді.

Диалогтік оқыту әдісінің артықшылығы – мұнда оқушылар пассивті тыңдаушы емес, оқу үрдісінің басы-қасында болатын белсенді кейіпкер болады. Бұл әдісті, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының арасында қолданудың маңы-

зы зор. Бастауыш сыныпта жаңа орта, жаңа тәртіп, бейтаныс адамдардың арасына келген балалар бір сыныпқа жиналғанда қарым-қатынас жасау барысында біршама қиналып жатады. Олар өз ойын ашық айтуға ұялады, әдеп сақтауды, дұрыс сұрақ қоюды, тұшымды жауап беруді, кезек күтуді білмейді. Сонымен бірге сабаққа деген қызығушылығы төмен болады. Сол себепті мұғалім диалогтік оқыту әдісін қолдана отырып, тіл үйретіп қана қоймай, балалармен тығыз қарым-қатынас жасайды, оларды жаңа ортаға үйретеді, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оята алады.

Сонымен диалогтік сөйлеу дегеніміз ауызша қарым-қатынас, яғни адамдардың бір-бірімен кезекпен тілдесуі. Лингвистика саласына еңбегі сіңген ғалым, әйгілі орыс философы М.М.Бахтиннің «Тек диалог арқылы ойлау, түсіну қабілеттері дамиды. Адамдардың әңгімелесуі сананың қарым-қатынасына түрткі болады» [2] – деген тұжырымы осы сөзіме дәлел.

Ағылшын тілі сабақтарында диалогтік оқыту әдісін қолданудың негізгі мақсаты- балалардың сабаққа қызығушылығын арттыру, оқушының білімге деген құштарлығын арттыру, сабақта диалогтік әңгімені пайдалана отырып, оқушылардың өз ойларын, идеяларын дәлелдеуіне көмектесу.

### Зерттеу әдістері

«Диалогтік оқыту» әдісі бір жағынан қызықты болса, екінші жағынан барлық мән-жайын түсінуді қажет ететін әдістердің бірі болып табылады. Оқу үрдісіне оқушылардың барлығы белсенді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін диалогтік оқытудың әдістерін кеңінен қолданып отыру қажет. Мысалы: рөлдік ойындар, қадамды сұхбат, сұрақ – жауап, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу. Бұл әдістер сыныптағы бүкіл оқушыларды әрекетке тартып, ұжымда жұмыс жасауға үйретіп, тілдік қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді.

Сұрақ – жауап әдісі – ағылшын тілі сабағында оқушылардың ынтасын арттырады,

қызығушылығын оятады. Жаңа тақырыпты түсіндіріп болғаннан кейін міндетті түрде оқушылардың тақырыпты түсінген түсінбегенін анықтау барысында сұрақтар қойылады. Сонымен қатар, оқушыларға әр түрлі деңгейдегі сұрақтарды қою (thick and thin question). Мысалға сұрақтарды «who? what?» демей, «why?, why do think so? деп қою арқылы оқушының ойлауына түрті болуға болады. Ой шақыру сұрақтары

- Do you like to go to the cinema?
- How often do you go to the cinema? (once a week, twice a month, never, etc.)
- What kind of films do you like the most?
- Can you name some popular films made in Kazakhstan?
- When did you last go to the cinema and what film did you see?

Сұрақ қоя білу маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған уақытта ғана сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрті болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болатыны белгілі.

Постер құрастырып, оны қорғау арқылы диалогке қатысушылардың мысалы, сөйлеушінің әрбір айтқан сөзін түсінікті етіп, мәнерімен сөйлеу, дұрыс сұрақ қою, ал тыңдаушы – айтуға мүмкіндік беру, жақсы тыңдаушы бола білу керектігі мен шыдамдылықпен таныту керектігін жайында түсініп, ой қозғауға жетелейді. Диалогтік оқыту барысында әңгімелесудің оқу-танымдық, тілдік-дамытушылық, әлеуметтік-бағдарлаушы міндеттері қамтылуы маңызды болып табылады.

Сабақты диалогтік оқыту әдісін пайдалану арқылы ұйымдастырған кезде мұғалім оқушылармен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы үйретеді. Сол себепті де мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеледі, яғни олар оқушылар ашыла алатындай, өз ойын ашық айта алатындай жылы атмосфераны құруы қажет. Осындай атмосфера арқылы оқушыларға әсер етіп, балаларды бейтаныс тілге үйіріп әкете алады.

Оқушылардың диалогтік оқыту әдісінің көмегімен түсіну дағдыларын қалыптастыруды жүзеге асыру оқушылардың оқу материалдарын меңгеруіне, пәнді терең түсіну мен білім сапасының артуына мүмкіндік береді. Мектептің алдында оқыту сапасын едәуір арттыру міндеті тұр. Мектеп реформасының бағдарламалар мен оқулықтарды оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес келтіру туралы талабының әлі жүзеге асырылмауы оның шешілуін қиындатады. Дегенмен әр мұғалім оқу материалын түсіну үдерісінің ерекшелігі туралы мағлұматтарға және оның жазбаша не ауызша баяндауының психологиялық талаптарына сүйеніп отырса, бүгіннің өзінде тиімді жұмыс жасай алатыны сөзсіз.

Жалпы ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың диалогтік оқыту әдісі арқылы түсіну дағдыларын қалыптастыру кезінде осы 4 категорияны есте сақтау керек.

1. Түсіндірме (интерпретация) – екі объектінің ерекшеліктерін салыстырған кезде, ұқсастықтарын анықтағанда немесе бірбіріне қарсы қойған кезде, оқушылар оларға белгілі бір мағына беру арқылы өздерінің түсінгендіктерін көрсетеді. Интерпретация әдетте «Қалай?» «Неліктен?» сұрақтарына жауап беру мен «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады.

2. Аударма (трансформация) – балалар оқу материалдарының мағынасын сақтайды да, идеяларды өздеріне оңтайлы, түсінікті жүйеге немесе формаға ауыстырады.

3. Мысалдар – оқу материалдарын, ойды дұрыс түсінгендіктерін көрсету үшін тәжірибеден алынған фактілерге жүгінеді, мысал ретінде келтіреді.

4. Анықтамалар – атау немесе түсініктің мағынасын өзінің сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтама түрінде тұжырымдау. Осы категорияларды әр сабақ барысында балалармен жүргізіліп отырса белгілі нәтиже шығады деп айта кетсек болады.

Оқушылармен диалогтік оқыту кезінде көп қолданылатын әдістердің бірі - Блум таксономиясы.

Таксономия - ол күрделі ұйымдастырылған жіктеу және жүйелеу теориясы әдетте иерар-

хиялық құрылымы бар шындық аймақтары. Білім беру мақсаттарының таксономиясы көп жылғы жұмыстың нәтижесі болып табылады. Чикаго университетінің американдық ғалымдарының үлкен тобы Б. Блум. Бұл Даму 1956 жылдан басталғанымен, қазіргі уақытқа дейін ол оқу мақсаттарын қоюдың ең белсенді қолданылатын құралы болып қала береді-курстар, бағдарламалар және жеке сабақтар. Блум таксономиясын құру қажеттілігі білім берудегі сәйкессіздіктерді түсіндірді- оқу бағдарламасы мақсатты, бұл іс жүзінде студенттер мүмкіндік алады үйрену және олар іс жүзінде үйренеді. А.Е. Мурзағалиева өзінің еңбектерінде Блум таксономиясына мынадай анықтама беріп өткен [3].

Блум таксономиясы бойынша оқу материалдарын меңгеру деңгейлері.

Кесте 1

Блум таксономиясының деңгейлері	Анықтамасы
Білу	Қайталау және тану көмегімен мәліметтердің есте қандай жолдармен сақталғанын тексеру, мәлімет және деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асады.
Түсіну	Түсіну дегеніміз ақпаратты таныс, анық күйге (формаға) ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Осы деңгейде балалар мәліметті тек есте сақтамайды. Олар мәліметтерді басқа таныс жүйеге түрлендіреді, есте сақталған мәліметті басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап береді, салыстырады, нәтижелерді суреттейді.
Қолдану	Қолдану - қандай да бір мәселені шешу үшін ақпаратты іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Осы деңгейде балалар мұғалімнің көмегінсіз таныс емес проблеманы өздігінше шеше алады.

Талдау	Егер «Қолдану» деңгейі шешім қабылдау үшін құрамдас бөліктерді біріктіруді меңзесе, «Талдау» деңгейі, керісінше, бүтін, тұтас нәрсені оның қалайша құрылғандығын түсіндіру мақсатында құрамдас бөліктерге бөлуді нұсқайды.
Жинақтау	Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады.
Бағалау	Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Қазіргі кезде барлық сабақтарда Блум таксономиясы жиі қолданылады, сабақтың басында оқушылар нені білуі тиіс, не нәрсеге қол жеткізу керек деген мақсатпен сабақтың критерийін интерактивті тақтаға жазып көрсетіледі немесе әр оқушыға қағазға жазылған күйде сабаққа құрылған критерийлерді таратылып отырады.. Сабақ критерийлері өткен сабақпен байланыстырыла құрылады, өйткені ағылшын тілі сабақтарында кейбір түсінуге қиын грамматикалық құрылымдарды дамыту, жетілдіру мақсатында көбірек жұмыстануды қажет етеді және әр сабақта оқушылардың сабақта ағылшын тілінде сөздік қорларын пайдалануы, сөйлеген кезде немесе оқыған кезде дауыс ырғағына, яғни дауысты көтеріп немесе төмен түсіру мәнеріне көңіл бөле отырып, сабақ критерийлері құрылады.

Қазіргі кезде сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімді әдістердің бірі диалогтік оқыту әдісі екендігі бәрімізге белгілі. Бастауыш сыныпта ағылшын тілі сабақтарында оқушылармен диалогтік оқыту әдісін қолдану арқылы түсіну дағдыларының қандай жолдармен қалыптасуы туралы зерттеу жұмы-

старын жүргіздік. Зерттеу жұмысымыз төрт аптаға созылды. Мен 2 «А» сынып оқушыларымен зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Себебі бұл сыныпқа өзгерістер енгізу керек деп таптым, бұл сыныптағы оқушылардың деңгейі әртүрлі болды. Жалпы оқушы саны 20, үздіктер 5, оқу екпінділері 2, қалған оқушылар орташа деңгейді құрады. Оқушылармен жұмыстар жүргізу кейде қиынға түседі, сол себепті осы зерттеу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру үшін қандай жұмыстар жүргізілуі керек екенін анықтау болды.

### Талқылау

Зерттеу барысында 2 «А» сынып оқушыларын бақыладым. Мектепте жүргізген зерттеу жұмысымның басында балаларды диалогтық оқытуға үйрету кезінде біраз кедергілерге тап болдық, себебі өзге тілде оқитын оқушылардың сөйлеу тілдерінің жетілмегендігі (тілдік барьер), түсінулерінің төмендігі, өз ойларын айта алмаулары, шешім қабылдай алмаулары сияқты кедергілер кездесті. Балалар үнемі өзінің сыныптастары мен мұғалім тарапынан баға берілуді күтті, олардың ұяңдықтары басымдылық көрсетті, бұл болса олардың ішкі дүниесін түсінуге кедергі болды. Сол себепті балалардың тақырыпқа өздерінің көзқарастарын ынталандыру үшін, бұрыннан таныс мәліметтерге және жаңа тақырыпқа түрткі сұрақтар қою арқылы қызығушылықтарын оятуға тырыстым. Нәтижеде балалардың ауызша сөйлеуге деген талпыныстарын байқадым, ол әлі қалыптаспаған сөйлеу тілі болса да олардың сабаққа деген қызығушылықтарын тудырды. Сабақ соңында жаңды диалог пайда болды. Диалогтің пайда болуына сыныптағы психологиялық ахуал, топқа бөліну, үнемі мақтау сөздер айту, топтық бағалау және әр сабақта жүйелі диалог жүргізу әсер етті. Оқушылардың белсене жұмыс істеулері үшін, түсіну дағдыларын дамыту үшін сыныпта диалог өте қажет болды. Мұғалім мен оқушы арасындағы диалог белгілі бір тақырыпты түсінуге, оқушы мен оқушы арасындағы диалог олардың топтағы өзара қарым-қатынасын дұрыс түсінуге көмектесті.

Осы уақыттарға дейін дәстүрлі сабақ беру үрдісінде мысалы, белгілі бір мәтінді оқып, оны аударып, тақырып бойынша қажетті мәліметтерді мұғалім өзі айтып, түсіндіріп беретін, ал оқушылар тек тыңдаушы мен көшіріп алушы болатын. Мұның соңы балаларды немқұрайлыққа әкелді. Жіберілген осы сынды қателіктер мен кедергілерді жою үшін жүргізген жұмыстарым өз нәтижесін берді. Оқушылардың өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасап, өз пікірін, өз ойын айтуға бағытталған тапсырмалар ұсынып, оларға топтарда бірлесе жұмыс жасауға, ортақ пікір шығаруға мүмкіндік бердім. Бұл жұмыстар барысында оқушылардың мәтінді оқып, таныс емес сөздерге мән беріп, аударып, бір-біріне кеңес беріп, одан нәтиже шығаруы мені қуантты.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесіне сүйене отырып, ағылшын тілі сабағында диалогтік оқыту әдісін қолданып өтсе оқушылардан белгілі бір нәтиже ала алады. Диалогтік оқыту әдісін қолдану барысында балалардың жоғары ойлау деңгейіне ұмтылғанын байқадым және де олардың түсіну дағдыларының қалыптасуына тиімді екендігіне көз жеткіздім. Енді жүргізген зерттеу жұмысымда балалармен қолданған негізгі ойын түрлеріне қысқаша тоқталсам.

Диалогтік оқыту оқушылардың ауызша және жазбаша тіл қабілетін, түсіну дағдысын қалыптастырады, белсенді түрде сөздік қорын толықтыруға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушыларға жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған Smiles оқулығында «My family and friends» (Менің отбасым және достарым) тақырыбы бар [4]. Оқу үрдісінде «Миға шабуыл» әдісін қолдана отырып, балаларға отбасы ұғымына байланысты түрлі сұрақтар қоюға болады. Оған қоса мұғалім «Суреттер сөйлейді» ойынын ойнату арқылы балалардың ағылшын тілін түсінуіне ықпал ете алады. Алдымен балалардан отбасы тақырыбында сурет салуын өтінеді. Олар суреттерін аяқтаған соң, әр баламен жеке диалог орната отырып, суретке қатысты сұрақтар қояды.

– You draw very beautifully! (Сен суретті әдемі саласың!) What colors did you paint the

picture? (Сен суретті қандай түстермен боядың?)

– I painted the sky blue. The ground brown and the sun yellow. My mother's clothes were red, my father's clothes were blue, and my clothes were green. (Мен аспанды көк түспен боядым. Жерді қоңыр, күнді сары түспен боядым. Анамның киімі қызыл түсті, әкемнің киімі көк түсті, ал менікі жасыл түспен боялған).

– Very good! What is your mother's name? (Тамаша! Сенің анаңның есімі кім?)

– My mother's name Anar. (Менің анамның есімі – Анар).

– Do you have a sister or brother? (Сенің аған / інін немесе әпкең / қарындасың бар ма?)

– No. (Жоқ).

Бұл ойында мұғалім оқушыны демеп, сөйлем құрауға көмектесіп отырады. Ойын оқушы мен мұғалімнің қалауына қарай әр түрлі форматта өтеді және жалғаса береді.

Диалогтік оқыту әдісі кезінде 2-сынып оқушыларының жақсы нәтижеге қол жеткізуі үшін топта жұмыс жасағаны тиімді екен. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, оқушылардың 66%-ы сабақ барысында сыныптастарын тыңдайды, 52%-ы сабақта көп нәрсені есте сақтайды, түсінеді, көп ойланады, ал 82% оқушылар мұғалім мен білім алушының пікір алмаса жүріп, оқытудың арқасында уақыттың тез өтіп кеткенін байқамай қалады деп тұжырым жасауға болады [5]. Сол себепті диалогтік оқыту арқылы түсіну дағдыларын дамытудағы тиімді әдістер топтық жұмыс, жұппен жұмыс және ойындар екенін атап өткен жөн. Тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін балалар тақырыпты өз арасында я болмаса мұғаліммен бірге белсенді түрде талқылауы, талдауы, қорытынды жасауы қажет. Сонымен бірге осы жұмыстардың барлығын белгілі бір уақытта жүзеге асыруы тиіс. Топпен жұмыс жасағанда бір оқушы шетте қалса, сабақты түсінбесе немесе сабаққа деген құлшынысы болмаса, топ жоғары нәтижеге жете алмайтынын ескерген жөн. Ал жұппен жұмыс істегенде қатысушылардың біреуінің сылбыр болуы, диалог құра алмауы екі оқушының да сапасына, дағдыларды игеруіне кері әсерін тигізеді. Сол үшін диалогтік оқыту әдісі мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейтін әдіс-тәсілдердің бірі.

Диалогтік оқыту әдісіне негізделген барлық тәсілдер мен оқыту түрлерінің арасынан ұтымдысы – ойын. Себебі 7-8 жасар бала үшін ойынның мәні зор. Шет тілін ойын арқылы үйрету – бұл жай ғана қызық қуу емес, қарапайым сөздерді айтудан бастап, түсінуге дейінгі барлық оқыту мақсаттарына жетудің негізгі тәсілі. 2-сыныпқа тіл үйреткенде оқытудың негізгі мәселелерін шешуге ықпал ететін және балаларға ұнайтын, қызық ойындарды пайдалану керек. Мысалы жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған Smiles оқулығында «All about me» (Барлығы мен жайлы) деген тақырып бар [6]. Осы тақырыпты өткенде «Репортер» ойынын ойнатуға болады. Бұл ойын диалогтік әдіс арқылы баланың ойлануына, сөздерді түсінуіне мүмкіндік береді және сөздік қорын бекітеді. Бұл ойын үшін мұғалім сыныпта сұхбаттың атмосферасын құрады. Баланы арнайы шақырып, оған сұрақтар қояды.

– Good morning, mr! How are you? (Қайырлы таң, мырза! Қалыңыз қалай?)

– Good morning, mrs. I am fine, and you? (Қайырлы таң! Жақсы, өзіңіз қалайсыз?)

– Good, thank you! What is your name? How old are you? (Керемет, рақмет! Сіздің есіміңіз кім? Жасыңыз нешеде?)

– My name is Arman. I am 7 years old. (Менің атым Арман. Мен жетідемін.)

– Where are you from, Arman? (Сіз қай жақтансыз, Арман?)

– I am from Kazakhstan. (Мен Қазақстаннанмын.)

Ойын осылай жалғасады. Ойын баланың диалогтік қабілетін арттырып қана қоймай, өзін маңызды сезінуіне мүмкіндік береді.

Диалогтік оқыту әдісінде ойындардың алатын орны ерекше. Ағылшын тілі сабағында ойын ойнату оқу үдерісін жылдамдатып, баланың зейінін ашып, ынтасын арттырады. Мұндай балалар интеллектуалды ақпаратқа қарағанда, эмоционалды ақпаратты тез қабылдайды әрі қызығушылығы оянады. Ал ойын эмоциядан тұратыны белгілі, ол белсенділікке, сананың дамуына, оқушының сергуіне көмектеседі. Әйгілі психолог Даниил Эльконин педагогикадағы ойынның атқара-

тын қызметі туралы: «ойын бала өміріндегі ең маңызды төрт қызметті атқарады, ол, біріншіден, мотивациялық-қажеттілік сферасын дамыту құралы, екіншіден, таным құралы, үшіншіден, баланың ақыл-ой қабілетін және мінез-құлықты дамыту құралы» [7] дейді.

Сөйлетудің тиімді тәсілдерінің бірі – рөлдік диалог, пікірталас, басқатырғыштар, т.б. Рөлдік ойындарда оқушыларға рөлдер беріледі. Рөлдік ойындар оқушыға қызық әрі ақпаратты жылдам игеруге мүмкіндік береді. Рөлдік ойындар арқылы жаңа сөздерді берік еске сақтап, балалардың сөздік қорын дамытуға болады және іс-әрекет арқылы түсіну дағдыларын қалыптастырады. Рөлдік ойындарды ұйымдастырып, балалар арасында ойнатқан кезде балаларға қалаған рөлдерін таңдауға мүмкіндік беру керек, ал нәтижелерді қорытындылау, бағалау кезінде олардың титтей де болса жетістіктерін де атап өткен жөн. Осындай қарапайым ережелер рөлдік ойынның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мұғалім мен оқушылардың қойылым қоюдағы іс-әрекеті шартты түрде

төрт кезеңді қамтиды (мысалы, «Шалқан» ертегісін сахналау).

1. Жағдаймен танысу. Мұғалім қойылымның көрнекіліктерін дайындайды. Балаларға қандай оқиға желісі бойынша қойылым қоятындарын түсіндіріп, мәтінмен таныстырады.

2. Мақсат қою. Мұғалім мен оқушының бұл қойылымды қояр алдында мақсаты болу керек.

3. Сахналау [8].

Daddy: Oh, what is this? Is this a flower? No ... . Is is a small tree? No ... . Oh, it's a turnip! It is Masha's turnip! What a big yellow turnip! One, two, three... . Mummy, come here! (О, Бұл не? Бұл гүл ме? Жоқ... - Бұл кішкентай ағаш па? Жоқ... - О, бұл репа! Бұл репа машинасы! Қандай үлкен сары репа! Бір, екі, үш... - Мама, осында кел!)

Mummy: Oh, what's this? Is this a flower or turnip? (: О, Бұл не? Бұл гүл немесе репа ма?)

Daddy: This isn't a flower. It's a turnip! (Бұл гүл емес. Бұл репа!)

Mummy: Whose turnip is this? (Бұл репа кім?)

Daddy: It's Masha's turnip. One, two, three, four ... . (бұл Маша репа. Бір, екі, үш, төрт ...)

Mummy: Masha, come here! (Маша, осында кел!)

Masha: Oh, what's this? Is it my turnip? (О, бұл не? Бұл менің репа?)

Mummy and Daddy: Yes, it is! One, two, three, four, five... . Dog, come here! (Ия, солай! Бір, екі, үш, төрт, бес... - Ит, осында кел!)

Dog: Whose turnip is this? (Бұл кімнің репа?)

Masha: It's my turnip. One, two, three, four... Cat, come here! (Бұл менің репа. Бір, екі, үш, төрт... - Мысық, осында кел!)

Cat: Oh, what's this? Is this a flower or a turnip? (О, Бұл не? Бұл гүл немесе репа ма?)

Dog: This isn't a flower. It's a turnip! (Бұл гүл емес. Бұл репа!)

Cat: Is it Masha's turnip? (Бұл репа машинасы ма?)

Dog: Yes, it is! (Ия, солай!)

«Dyslexia, Dysgraphia, OWL LD, and Dyscalculia» деп аталатын бастауыш мұғалімдеріне арналған еңбекте диалогтік оқыту барысында кездесетін қателіктерді, олардың шешімін көрсетіп, диалог құру мәселесі кеңінен жазылған. Әсіресе, сынып буклетін жасау тапсырмасы - өте креативті әдіс. Оқушыларға белгілі бір сөйлемді аяқтауды тапсыру керек. Мысалы «When my firend got lost ...». Әр оқушы өз мысалын айтады: «one girl helped him, the police found him, he is did not leave the place ...». Осыдан соң баланы іздеу жолын көрсететін сурет, сөз тіркестері бар буклет жасалады, яғни осы арқылы оқушылар ұзақ сөйлемдерді диалогке қатыстыруды меңгереді әрі оқиға желісін көз алдына келтіреді [9].

Әр сабақ барысында осы сияқты әртүрлі ойындарды жүргізіп отыру арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылығын, ұмтылысын арттырып отыруға болады.

Ағылшын тілі сабағында диалогтік оқытудың мынадай жолдары бар:

– баламен диалог жүргізе отырып, оның сөздерді дұрыс айтуына назар аудару және қате айтылған сөздерді түзетіп отыру;

– диалогты оқу, оқыту немесе аудиожазба тыңдату,

– оқу бағдарламасындағы тақырыптар бойынша диалог жүргізетіндей оқиғалар құрастыру

– балаларды жұптастырып, пікірлестіру.

### Нәтиже

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде сабақта диалогтік оқытудың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Зерттеушілер диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерін өсіруге үлес қосатынын атап көрсеткен. Балалар диалогтік оқыту әдісін қолдана отырып, мысалы : талдау, білімді бірлесіп құру, түсіну дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әр сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік бердім. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына тиімді екендігі анықталды.

Диалогтік әдіс, берілген сұраққа жауап алу, өздерінің ойларын білдіретін тапсырмалар сабақ кезінде міндетті түрде керек болады. Бұл тапсырмалар әр баладан шығармашылық тұлға қалыптастыруда көмекші құрал болып табылады. Сабағымда жаңа материалдарды оқытқанда және бекіту кезінде, жаттығуларды ұйымдастыруда, оқығанды және тыңдағанды тексеру үшін диалогтік әдісті қолданғаным дұрыс деп ойлаймын. Себебі осының бәрін әңгіме түрінде іске асырып отырдым. Әңгімелесе білу диалогтік тілді үйретуде соңғы нәтижеге жететін біліктілік болып табылады, себебі сабақтың барысында ой бөліскенде бүкіл бала ағылшынша сөйлеуге талпынды, сөйлей алмайтындарды жақсы сөйлейтіндер ағылшынша әңгімелесуге талпындырды.

Бұл әдіс оқушылардың диалогты қайталап айтуына мүмкіндік жасап отырады. Диалогпен жұмыс істеп жатқан кездегі қолданылған лексикалық материалдар оқушылардың сөй-

леу тілінің белсенді қорына айналып отырады.

Жалпы сабақта диалогті пайдалану өте пайдалы, оқушылардың сөйлеу мәдениетін, бір бірімен тіл табыса білуін қалыптастырады. Оқушылардың сөздік қорларын дамытып, оларды өз ойын анық жеткізе білуге, мәнерлі, мағыналы сөйлей білуге үйрету үшін сабақ үрдісінде диалогтық әдістің тиімділігін өз көзіммен байқадым.

Мен өзімнің жүргізген тәжірибемде диалогтық оқыту әдісін қолдана отырып мынандай жетістіктерге қол жеткіздім деп айта аламын:

- балалардың өтілген тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік болды;

- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектесті;

- балалардың сыни ойланып, пікір алмасып, бір-бірін тыңдай білуіне жол салды;

- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектесті.

### Қорытынды

Диалогтік оқыту арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың негізгі ерекшеліктерінің бірі - мұғалім мен балаларға өз еріктерімен және бірлесе отырып шығармашылық жұмыс жасауға жағдай жасайды. Қазіргі оқытудың талаптарына сай мұғалім де, оқушы да жаңаша көзқарасты, терең ойлы болуды қажет етеді. Сондықтан қазіргі кезең талабына сай жас ұрпақтың көкірегі ояу, ізденімпаз, отаншыл, шығармашылық жұмыспен айналыса алатын дәрежеге жеткізуіміз керек деп ойлаймын. Оқушыларға жаңа тақырыптарды қызықты, түсінікті етіп түсіндіру үшін керекті тәсілдердің бірі ретінде диалогтік оқыту арқылы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету деп ойлаймын. Осындай жаңа әдіс – тәсілдерді қолданып, жаңа сабақтың барысында қосымша қызықты деректерді ұсынуға, қиын тақырыптарды әр түрлі жұмыс түрлері арқылы жеткізуге, жаңа идеяларды әсерлі етіп көрсетуге болады. Диалогтік оқыту және сыни



түрғыдан ойлауға үйрету негізінде әр түрлі мәтінді сипаттау қабілеті, сұрақ қоя білуі, та- әдіс-тәсілдерді пайдаланып, өткізілген са- ныс материалды меңгеру қабілеті біршама бақтардың нәтижесі бойынша оқушылардың жақсы нәтижелерге көтеріледі деп айтуға бо- сөйлеу қабілеті, сұраққа жауап беру қабілеті, лады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ur P.100 Teaching Tips. Cambridge University Press, - 2016. – 131 p.
2. Бахтин М.М. Беседы с В. Д. Дубакиным. – Москва: Согласие, 2002.– 398 с.
3. Мурзагалиева А.Е. Учебные цели согласно таксономии Блума. – Астана, - 2015.– 54 с.
4. Dooley J. Evans V. Smiles: Pupil's book for Kazakhstan grade 2. - UK: Express Publishing, 2017.– 128 p.
5. Хан Р. Преподавание английского языка как иностранного. – Санкт-Петербург: Scientia Scripta, 2020.– 160 с.
6. Dooley J. Evans V. Smiles: Activity book for Kazakhstan grade 2. - UK Express Publishing, 2019.– 92 с.
7. Григорьева М.Б. Использование игровых приемов на уроках иностранно языка // Иностранные языки в школе – 2011. – № 10 – С. 90.
8. Стёпкина Е. А. Ролевые игры как средство развития диалоговой речи обучающихся на уроках иностранного языка Екатеринбург, 2018. – 71 с.
9. Virginia W. Berninger, Ph.D. Beverly J. Wolf M.E.Dyslexia, Dysgraphia, OWL LD, and Dyscalculia. - London, 2016.– 12 p.
10. Gilakjani A.P. The Significance of Listening Comprehension in English Language Teaching // Theory and Practice in Language Studies – 2016. – Т. 6 – № 8 – С. 1670–1677.
11. Ибрагимов Н.Т. Formation of lexical skills in teaching foreign languages // Филология и лингвистика в современном мире: материалы I Международной научной конференции. - Москва, Буки-Веди, 2017. -С. 81–83.

### References

1. Ur P. 100 Teaching Tips (Cambridge University Press, 2016, 131 p.)
2. Bahtin M.M. Besedy s V. D. Duvakinym [Conversations with V. D. Duvakin] (Soglasie, Moscow, 2002, 398 p.).
3. Murzagaliev A.E. Uchebnye celi soglasno taksonomii Bluma [Learning goals according to Bloom's taxonomy] (Astana, 2015, 54 p.).
4. Dooley J. Evans V. Smiles: Pupil's book for Kazakhstan grade 2 (Express Publishing, UK, 2017, 128 p.).
5. Han R. Prepodavanie anglijskogo yazyka kak inostrannogo [Teaching English as a foreign language] (Scientia Scripta, Sankt-Peterburg, 2020, 160 p.).
6. Dooley J. Evans V. Smiles: Activity book for Kazakhstan grade 2 (Express Publishing, UK, 2019, 92 p.).
7. Grigor'eva M.B. Ispol'zovanie igrovyyh priemov na urokah inostranno yazyka [Using game techniques in foreign language lessons], Inostrannye yazyki v shkole [Foreign languages at school], 10, 90 (2011).
8. Styopkina E. A. Rolevye igry kak sredstvo razvitiya dialogovoj rechi obuchayushchihsya na urokah inostrannogo yazyka [Role-playing games as a means of developing interactive speech of students in foreign language lessons] (Ekaterinburg, 2018, 71 p.).
9. Virginia W. Berninger, Ph.D. Beverly J. Wolf M.E.Dyslexia, Dysgraphia, OWL LD, and Dyscalculia (London, 2016, 12 p.).
10. Gilakjani A.P. The Significance of Listening Comprehension in English Language Teaching, Theory and Practice in Language Studies, 8 (6) 1670–1677. (2016).
11. Ibragimov N.T. Formation of lexical skills in teaching foreign languages. Filologiya i lingvistika v sovremennom mire: materialy I Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii [Philology and Linguistics in the Modern World: proceedings of the I International Scientific Conference] (Buki-Vedi, Moscow, 2017, P. 81–83).

**Г.Т. Абдуллина, А.А. Куралбаева, У.Т. Жумабаева**

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан*

**Формирование навыков понимания учащихся 2-го класса на уроках английского языка  
с помощью диалоговых методов обучения**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются методические основы обучения английскому языку учащихся 2-го класса, а также значение и функции диалогического обучения английскому языку. Проведен всесторонний анализ значимости и сложности диалогического обучения, того, насколько быстро ученик сможет овладеть языком. Диалог - это обмен мнениями между двумя или более людьми. Общение учителя и ученика друг с другом и обмен мнениями позволяют ребенку свободно выражать свои мысли, быстро и системно изучать язык.

В работе также доказывается, что для изучения языка важна функция его понимания. Одними из важнейших целей являются повышение интереса детей к занятиям посредством диалогического обучения, формирование навыков понимания, повышение качества знаний учащихся и их интереса к знаниям. Для формирования навыков понимания через диалогическое обучение учитель должен интересно проводить уроки. Для повышения интереса учащихся к изучению языка целесообразно использовать несложные формы обучения, в частности диалоги «вопрос-ответ». Эффективно проведение занятий через различные игры. Описаны виды игр и тонкости диалогического обучения. При проведении занятий в игровой форме ребенок проявляет интерес и легко запоминает новые слова. Представлены короткие ролевые игры.

**Ключевые слова:** начальная школа, навыки понимания, диалоговое обучение, английский язык, ролевые игры, метод, учебный план.

**G.T. Abdullina, A.A. Kuralbayeva, U.T. Zhumabayeva**

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan*

**Formation of understanding skills of second graders in English lessons  
by the method of dialogical teaching**

**Abstract.** The article discusses the methodological foundations of teaching English to the 2nd grade students, as well as the meaning and functions of dialogic English language teaching. The authors have been carried out a comprehensive analysis of the significance and complexity of dialogic learning and analyzed how quickly the student would be able to master the language. A dialogue is an exchange of opinions between two or more people. The communication of the teacher and the student with each other and the exchange of opinions allow the child to freely express his thoughts, quickly and systematically learn the language.

The article also proves that the function of understanding a language is important for learning it. One of the most important goals is to increase the interest of children in classes through dialogic learning, the formation of understanding skills, improving the quality of students' knowledge and their interest in knowledge. For the formation of understanding skills through dialogic learning, the teacher should conduct lessons in an interesting way. To increase the interest of students in learning the language, it is necessary to use simple forms of teaching, in particular, «question-answer» dialogues. Conducting classes through various games is effective. The article describes types of games and subtleties of dialogic learning. When conducting classes in a playful way, the child shows interest and easily remembers new words. The article presents short role-playing games.

**Keywords:** primary school, comprehension skills, dialogic learning, English language, role-playing games, method, academic plan.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Абдуллина Г.Т.** – корреспонденция үшін автор, PhD, білім технологиялары кафедрасының доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, Б. Саттарханов даңғ., 29, Түркістан, Қазақстан.

**Куралбаева А.А.** – PhD, білім технологиялары кафедрасының доценті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, Б. Саттарханов даңғ., 29, Түркістан, Қазақстан.

**Жумабаева У.Т.** – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс магистранты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, Б. Саттарханов даңғ., 29, Түркістан, Қазақстан.

**Abdullina G.T.** – **Corresponding author**, Acting Associate Professor, Department of Educational Technologies, Khoja Ahmed Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29 B. Sattarkhanov ave., Turkistan, Kazakhstan.

**Kuralbayeva A.A.** – Associate Professor, Department of Educational Technologies, Khoja Ahmed Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29 B. Sattarkhanov ave., Turkistan, Kazakhstan.

**Zhumabayeva U.T.** – The 1st year master’s student in Pedagogy and Methods of Primary Education”, Department of Educational Technologies, Khoja Ahmed Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29 B. Sattarkhanov ave., Turkistan, Kazakhstan.